

Сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы 2007 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша

2007 жылғы үш айда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 2006 жылғы осындай кезеңдегі жиналған көлемнен 36,9%-ға көп болып, 33 405,1¹ млн. теңге болды.


Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

| Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі | 01.04.2006ж. | 01.04.2007ж. | | 01.04.2006 ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен |
|---|--------------|-----------------|------------------------------|---|
| | | Сомасы Сумма | Үлесі %-бен доля, % | |
| Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша: | 24 155,2 | 33 405,1 | 100,0 | 38,3 |
| Міндетті сақтандыру | 2 596,2 | 3 387,2 | 10,2 | 30,5 |
| Ерікті жеке сақтандыру | 2 251,4 | 3 584,0 | 10,7 | 59,2 |
| Ерікті мүліктік сақтандыру | 19 307,6 | 26 433,9 | 79,1 | 36,9 |

млн. теңге

Кестені қарағанда міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 38,3%-ға өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 59,2%-ды, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 36,9%-ды құрады.

Структура поступивших страховых премий, %



2007 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандырудағы – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 55,9% (1 893,1 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 26,0% (880,8 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 7,8% (259,7 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен.

ерікті жеке сақтандырудағы – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 41,8% (1 498,2 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 31,0% (1 111,2 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 17,6% (629,7 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 9,6% (344,9 млн. теңге) болып келеді.

¹ Сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлық ақыларын шегергенде көрсетіліп отыр.
сумма указана за вычетом страховых премий, принятых по договорам перестрахования

ерікті мүліктік сақтандырудағы – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің (33,0% (8 826,9 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша түскен, автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша – 26,0% (6 881,9 млн. теңге), , мүлікті сақтандыру бойынша – 23,1% (6 116,6 млн. теңге), жүк сақтандыру бойынша – 10,2% (2 703,3 млн. теңге) болды.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

млн. теңге

| Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі | 1.04.2006ж. | | 1.04.2007ж. | | 1.04.2006 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен |
|---|-----------------|---------------------------|-----------------|---------------------------|---|
| | Сомасы Сумма | Үлесі, % доля, % | Сомасы Сумма | Үлесі, % доля, % | |
| Барлығы сақтандыру салалары бойынша | 24 155,2 | 100,0 | 33 405,1 | 100,0 | 38,3 |
| Өмірді сақтандыру | 621,5 | 2,6 | 974,6 | 2,9 | 56,8 |
| Жалпы сақтандыру | 23 533,7 | 97,4 | 32 430,5 | 97,1 | 37,8 |

"Өмірді сақтандыру" саласы. 2007 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 974,6 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 56,8%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2,6%-ға қарсы 2006 жылғы 1 сәуірде 2,9% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2007 жылғы үш айда жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 32 430,5 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы осындай кезеңге қарағанда 37,8% -ға көп.

Қайта сақтандыру


Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 16 109,4 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 48,2%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 37,1%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 6 270,1 млн.теңге боды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 1 974,3 млн.теңге болды.

млн.теңге

| Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары | 1.04.2006ж. | | 1.04.2007ж. | |
|--|-------------|---------------------------------------|-------------|---------------------------------------|
| | Сомасы | жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен | Сомасы | жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен |
| Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде | 12 016,2 | 49,7 | 16 109,4 | 48,2 |
| резидент еместерге | 11 553,2 | 47,8 | 12 409,9 | 37,1 |
| резиденттерге | 463,0 | 1,9 | 3 699,5 | 11,1 |
| Резидент еместерден қайта сақтандыруға барлығы қабылданған | 85,7 | 0,4 | 1 974,3 | 5,9 |

Структура страховых премий, переданных на перестрахование по странам



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 95,0%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 3,3%, міндетті сақтандыру бойынша – 1,7% болды.

Сақтандыру төлемдері

2007 жылдың үш айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 2,6 есе өсіп, 7 048,7² млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 2,2% (115,3 млн. теңге) болып отыр.

| Сақтандыру төлемдері | 1.04.2006ж. | 1.04.2007ж. | | 1.04.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен |
|---------------------------------------|-------------|-------------|----------|---|
| | | Сомасы | үлесі, % | |
| Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша: | 2 701,3 | 7 048,7 | 100,0 | 2,6 есе |
| Міндетті сақтандыру | 1 265,9 | 1 175,9 | 16,7 | 92,9 |
| Ерікті жеке сақтандыру | 310,1 | 735,8 | 10,4 | 2,4 есе |
| Ерікті мүліктік сақтандыру | 1 125,3 | 5 137,0 | 72,9 | 4,6 есе |


1.04.2007ж. жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша 64,6% (759,5 млн.теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 25,8% (303,2 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 9,5% (111,9 млн. теңге) болды.

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 77,8% (572,8 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша түскен, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 9,3% (68,6 млн. теңге) және аннуитеттік сақтандыру бойынша – 7,1% (52,4 млн. теңге) төлемдер болды.

ерікті мүліктік сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 84,1% (4 319,5 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша түскен, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 8,0% (411,8 млн. теңге), мүлікті сақтандыру бойынша – 5,8% (295,6 млн. теңге) болды.

² Сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетіліп отыр
сумма указана за вычетом страховых выплат, осуществленных по договорам, принятым в перестрахование



2007 жылдың үш айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 58,7% -ы болды.

Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2007 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 40 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 5 - өмірді сақтандыру бойынша, 9 - Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қатысуымен), 12 сақтандыру брокерлері және 36 актуарийлер қызметті жүзеге асырды.

| Сақтандыру секторының институционалды құрылымы | 01.04.2006ж. | 01.04.2007ж. |
|--|--------------|--------------|
| Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде | 38 | 40 |
| резидент еместердің қатысуымен | 7 | 9 |
| өмірді сақтандыру бойынша | 3 | 5 |
| Сақтандыру брокерлерінің саны | 12 | 12 |
| Актуарийлер саны | 30 | 36 |

Есепті күнге 33 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

На отчетную дату 33 страховые организации являлись участником АО «Фонд гарантирования страховых выплат».

Капитал. 2007 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 87 537,6 млн. теңге болды.

| Қаржы көрсеткіштері | <i>млн. теңге</i> | | |
|--|-------------------|-------------|---|
| | 1.04.2006ж. | 1.04.2007ж. | 1.04.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен |
| Жиынтық активтер | 83 791,0 | 149 981,8 | 79,0 |
| Міндеттемелер | 31 365,2 | 62 444,2 | 99,1 |
| оның ішінде таза сақтандыру резервтері | 24 091,3 | 48 024,4 | 99,3 |
| басқа да міндеттемелер | 7 273,9 | 14 419,8 | 98,2 |
| Меншікті капитал (баланс бойынша) | 52 425,8 | 87 537,6 | 67,0 |

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2007 жылғы 1 сәуірде 149 981,8 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы 1 сәуірдегі осындай көрсеткіштен 79,0%-ға көп, оның ішінде:


| Активтер | <i>млн. теңге</i> | | |
|----------|-------------------|-------------|------------------|
| | 1.04.2006ж. | 1.04.2007ж. | 1.04.2006 жылмен |
| | | | |

| | Сомасы Сумма | үлесі, % доля, % | Сомасы Сумма | үлесі, % доля, % | дағы өзгеріс, %-бен |
|---|-----------------|---------------------|-----------------|---------------------|---------------------|
| Қолма-қол ақша | 5 931,2 | 7,1 | 6 063,3 | 4,0 | 2,2 |
| Орналастырылған салымдар | 13 672,0 | 16,3 | 28 780,1 | 19,2 | 2,1 есе |
| Бағалы қағаздар | 37 485,3 | 44,7 | 72 432,1 | 48,3 | 93,2 |
| «кері РЕПО» операциясы | 9 793,1 | 11,7 | 14 708,9 | 9,8 | 50,2 |
| Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары | 7 898,8 | 9,4 | 13 947,9 | 9,3 | 76,6 |
| Негізгі қаражат | 2 101,3 | 2,5 | 2 960,0 | 2,0 | 40,9 |
| Материалдық емес активтер | 180,1 | 0,2 | 324,6 | 0,2 | 80,2 |
| Басқа дебиторлық берешек | 3 251,2 | 3,9 | 3 130,6 | 2,1 | -3,7 |
| Басқа активтер | 3 478,0 | 4,2 | 7 634,3 | 5,1 | 2,2 есе |
| Активтер жиынтығы | 83 791,0 | 100,0 | 149 981,8 | 100,0 | 79,0 |

млн. теңге

| Инвестициялық портфель | 1.01.2007ж. | | 1.04.2007ж. | | 1.01.2007 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен |
|---|-----------------|---------------------|-----------------|---------------------|---|
| | Сомасы Сумма | үлесі, % доля, % | Сомасы Сумма | үлесі, % доля, % | |
| Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар | 25 554,5 | 24,3 | 28 780,1 | 24,8 | 12,3 |
| ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары | 18 470,3 | 17,6 | 19 588,0 | 16,9 | 6,1 |
| ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары | 54 905,8 | 52,2 | 61 067,6 | 52,7 | 11,2 |
| Шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздары | 6 139,5 | 5,8 | 6 421,1 | 5,5 | 4,6 |
| ҚР резидент емес эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары | 103,6 | 0,1 | 64,3 | 0,1 | -37,9 |
| Жиынтығы | 105 173,7 | 100,0 | 115 921,1 | 100,0 | 10,2 |

Сақтандыру ұйымдарының инвестициялық портфелі құрылымындағы ҚР



эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар үлесі 52,2%-дан 52,7%-ға дейін ұлғайды, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарының үлесі 24,3%-дан 24,8%-ға дейін ұлғайды, ал ҚР мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 17,6%-дан 16,9%-ға дейін ұлғайды, шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздар үлесі 5,8%-дан 5,5%-ға дейін төмендеді.

Сақтандыру рыногының шоғырлануы


Қаралған кезеңде сақтандыру рыногы шоғырлануының төмендегені байқалады. 5 бірінші сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 60,7% және сақтандыру төлемдерінің 75,2% келеді.

Сақтандыру рыногы жиынтық активтерінің ішінде бес ірі сақтандыру компаниясының үлесі 48,2% құрайды.

| Жиынтық көрсеткіштерінен сақтандыру рыногының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, % | 01.04.06 | 01.04.07 |
|---|----------|----------|
| Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары | 58,8 | 60,7 |
| Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары | 81,4 | 82,8 |

| | | |
|---|------|------|
| Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері | 57,0 | 75,2 |
| Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері | 81,1 | 87,3 |
| Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері | 57,3 | 48,2 |
| Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы | 56,2 | 53,8 |

Динамика активов, собственного капитала и чистых страховых резервов,
млрд. тенге



Міндеттемелер. 2007 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылдағы осындай күнмен салыстырғанда 99,1% өсе отырып 62 444,2 млн. тенге болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша (қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып) қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрған сақтандыру резервтерінің көлемі 48 024,4 млн. тенге болды, бұл 2006 жылғы 1 сәуірде қалыптасқан резервтер көлемінен 99,3% артық. Есепті күндегі қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесі 28 439,0 млн. тенге болды.

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

| | 01.04.2006ж. | 01.04.2007ж. |
|---|--------------------|----------------------|
| ЖІӨ, млрд. тенге | 7 453 ³ | 9 738,8 ⁴ |
| Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен | 0,32 | 0,34 ⁵ |
| Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен | 0,70 | 0,90 |
| Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен | 1,12 | 1,54 |
| Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен | 1 579 | 2 183 |

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

Информация подготовлена Агентством Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций.

³ - Статистика агенттігінің 2005 жылғы деректері бойынша за 2005 год по данным Агентства по статистике

⁴ - Статистика агенттігінің 2006 жылғы деректері бойынша за 2006 год по данным Агентства по статистике

⁵ - 2007 жылғы қаңтар-наурыз айларына қабылданған сақтандыру сыйақылары страховые премии, принятые за январь-февраль 2007 года